

СТАЛИНИЗМ КЕЗІНДЕ ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫҢ КҮНДЕЛІКТІ ӨМІРІНЕН КӨРІНІС

Султангазин И.Ж.

Ғылыми жетекшісі: т.ғ.к., профессор Өскембаев Қ.С.

Астана халықаралық университеті

Islambek.sustangazin@gmail.com

Сталинизм - Қазақстан үшін ең ауыр кезеңдердің бірі. Оның ең өршіген уақыты 1930-1940 жылдарға сәйкес келеді. Сталинизм халықтың тек қана әлеуметтік жағдайына кері әсерін тигізіп қойған жоқ, бүкіл ел экономикасын да күйзелтті [1].

1920 жылдардың соңында билік индустрияландыру мен ұжымдастыруды жүзеге асыруға кірісті. Бұл жылдары миллиондаған адамдардың кәсібі мен тұрғылықты жері өзгерді, әлеуметтік қабаттар жаппай қозғалысқа түсті. Бұрынғы иерархия төмендетілді, бұрынғы құндылықтар беделін жоғалтты. Жаңа құндылықтар, дінді «алалаушылық» деп айыптау сияқты үрдістер аға буын мен қазақ халқының көбі үшін қолайсыз көрінгенімен, жастар оларды жалынды ынтамен қабылдады. Ескі әлемді жою және жаңа қоғам құру идеясы кеңінен насихатталды. Әлеуметтік өндірісті күшейту, мәдени және экономикалық өзгерістер жасау режимнің басты мақсатына айналып, елде түбегейлі өзгерістер жүргізілді. Бұл өзгерістер адам тағдырын елемей, революциялық күрестен бас тартқандарды менсінбей жүзеге асырылды. Ең қатал жаза, бұрынғы режимдермен салыстыруға келмес қатігездік «халық жауларына», ал кейде кездейсоқ адамдарға да қолданылды. Жаңа қоғамда көптеген адамдар «әлеуметтік бөгде» ретінде белгіленді.

Бұл жағдайлардың барлығы кеңес азаматтарының шағымдарына себеп болды. Олар «өмір сүру қиындап кетті» деп айтқанда, нақты нәрселерді меңзейтін. Кеңестік қала өмірінің бірқатар маңызды аспектілері 1930 жылдары күрт өзгерді: дүкен сөрелерінен көптеген тауарлар жоқ болып, созылмалы тапшылық дәуірі басталды. Негізгі азық-түлік, киім, аяқ киім, тұрғын үй - бәрі жетіспеді. Бұл 1920 жылдардың аяғындағы нарықтық экономикадан орталықтандырылған мемлекеттік жоспарлауға көшу салдарынан болды. Сонымен бірге қалалардағы азық-түлік тапшылығының басты себебі 1930 жылдардағы аштық еді, ол белгілі бір уақыт бойы жалғасты.

«Үш жақсы жыл» аталған кезеңнің ішінде (1934-1936) өмір бірінші бесжылдықпен салыстырғанда сәл жеңілдей түскендей болды. Бірақ бұл жеңілдік туралы асыра айтуға келмейді, себебі оның алдында ел аштық пен өнеркәсіптік дағдарыстың ауыр зардабын бастан өткерген еді. Алғашқы «жақсы» жылдың өзі жақында ғана өткен аштықтың қалың көлеңкесінде тұрғандай бұлыңғыр көрінді. Ал үшінші жыл - 1936 - егіннің нашар шығуына байланысты қалаларда нанға ұзын-сонар кезектер пайда болып, жаңа аштық туралы үрейлі сыбыстар тарай бастады. Халық жадында 1930-жылдар онжылдығындағы жалғыз жарық естелік ретінде 1937 жыл қалды. Тосыннан, дәл осы жыл - Үлкен Террордың басталған жылы - он жыл ішіндегі ең мол астық жиналған, дүкендер азық-түлікке толы болған кез ретінде сақталды.

Саяси өмірде де ауыртпалықтар бірінен соң бірі жалғасты. 1934 жылдың соңында азық-түлік карточкаларын алып тастап, «өмір жақсы бола бастады» деген ұран жарияланар алдында Ленинград партия ұйымының жетекшісі С. М. Киров қастандықпен өлтірілді. Бұл сол онжылдықтағы ең даулы саяси қылмыс болды. Америка тарихында бұл оқиғаны 1963 жылы президент Джон Кеннедидің өлтірілуімен салыстыруға болады, дегенмен Киров ісінде нақты қастандықтың бар екені дәлелденбеді. Қылмысты ашулы жалғыз адамның жасағаны ресми айтылғанымен, көпшілік сол кезде де, қазір де оның артында өзге күштердің тұрғанына сенді. Сталин бұрынғы солшыл оппозиция өкілдеріне -Л. Каменев пен Г. Зиновьевке - астыртын айып тақты; олар екі рет сотталып, екінші сот процесінде 1936 жылдың тамызында өлім жазасына кесілді. Бұдан кейін де айыптар легі тоқтаған жоқ: әр жаңа айыпталушы өзінен бұрынғыларды көрсетумен болды.

Террор - яғни құқықтан тыс мемлекеттік зорлық-зомбылық - 1930-жылдардағы сталинизмнің басты сипаттарының бірі болды. Оның бағыты мен нысанасы жиі өзгеріп отырды, сондықтан оны жүйелі және алдын ала жоспарланған қуғын-сүргін деп қарастыру орынды. Онжылдықтың басында қуғын көбіне «кулактарға», діни қызметкерлерге, бай-манаптарға бағытталса, Киров өлімінен кейін ол «бұрынғыларға» ауысты. Бұл үрдістің ең қасіретті шыңы **1937-1938 жылдардағы Үлкен Террор.** Ол өз көлемі жағынан да, қоғамға салған жарасы жағынан да бұрынғы қуғын-сүргіндерден өзгеше болды. Сталинизм қазақ қоғамында күрделі түрде орын алды.

Күнделікті өмірдегі Сталинизм қазақстандықтар үшін күрделі болды аштық та зорлық зомбылықта, қуғын сүргінде. Новосибирскіде және Омбыда сөйлеген сөздерінде (1928 ж. 18, 27 және 28 қаңтар), ол ст. 107 РКФСР Қылмыстық кодексін жаппай қолдануды директивалық түрде талап етті [2]. Бұған дейін бұл бап «тауарларды сатып алу, жасыру немесе нарыққа шығармау арқылы бағаларды

қасақана көтергені үшін» жазалауды қарастырған (яғни, іс жүзінде ол мемлекеттің жаңа экономикалық саясат механизміне әкімшілік тұрғыда араласу құқығын білдірген).

Басталып кеткен астық дайындау дағдарысы барысында бұл баптың қолдану ауқымы едәуір өзгертіліп, 1928 ж. қаңтарынан бастап негізінен астық ұстаушыларға артық астықты мемлекеттік бағамен тапсырудан бас тартқандарға және астықпен алыпсатарлық жасағандарға бағытталды.

Жаза ретінде 107-бап бір жылға дейін бас бостандығынан айыруды және мүліктің бір бөлігін немесе толықтай тәркілеуді қарастырды, ал «топтық сөз байласу» жағдайында - үш жылға дейін бас бостандығынан айыру және мүлікті толық тәркілеу көзделді. Осындай іс әрекетің бірлері Қазақстан аймағында көптеп байқалған болатын. Жетіғара өңірінде утильшикізат пен жүн жинау науқаны жүріп жатқан шақта, өлкеден келген өкілдер жылқылардың құйрығын қидыруды талап етіп, бұған қарсы шыққан қазақ ауылдарын қой еті орнына шошқа етін тапсыруға зорлаған. Оңтүстік Қазақстанның кейбір райисполкомдары жүргізген сол кездегі дайындау саясаты тіпті адам сенгісіз жайттарға барған. Куәгердің айтуынша:

«...Уәкілдер бір бейбақ ауыл тұрғынын шақырып алып, одан астық өткізуді бұйырады. Ол болса: “Астығым жоқ” - деп жалына жауап береді. Сонда олар оның етігіне су құйып, қақаған 25 градус аязда түн бойы далада тұрғызады...»

Ал толғағы жетіп қалған жүкті әйел штабқа келгенде, одан да астық сұрайды. Әйелдің берер ештеңесі жоқ еді. Ашуға булыққан шенеуніктер оны ұрып-соғып, соның салдарынан ол сол көк төбелі штабтың ішінде-ақ мерзімінен бұрын босанып қалады. Осындай тарихи оқиғалар тарих сахнасында, Сталинизм кезінде қоғамдағы ауыртпащылығы. Қазір жазылатын 1950 жылдардың басында болған оқиға желісі. Депортация кезінде ағаш вагон иен келген поляк отбасысы туралы . қандай қиын жағдайда. Генка отбасы мінетін вагон үлкен, ағаштан жасалған, бірақ адамға онша лайықтала қоймаған еді. Отырған кезде ғана төзімді: әкесі Генка мен інісі Романды көтеріп, екінші қабатына шығарып қоятын. Жоғары жақта қораның сасық иісі қаптап тұратын.

«Әйтеуір қабырғадағы мына саңылаудан сыртқа қарап, таза ауа жұтуға болады ғой», - деп ойлады Генка. Вагон іші қараңғылыққа толы. Алда әлі қанша жол бар? Егер станцияда ұзақ тұрса жақсы, ал жол үстінде тоқтамаса дем алу мүлде қиын.

Ұзақ аялдамалар Генка үшін нағыз бақыт болатын: шошқа қайнатып жүргендерге қызықпай, ол екі минут ішінде бес вагонды жүгіріп өтіп, солдаттарды ептілікпен айналып, вагондардан түсіп-мініп жүрген адамдар арасынан сырғып өтетін. Атасының өзі тұратын вагонға дейін жарысып баратын. Сыртынан қарағанда әлгі вагон кәдімгі сиыр таситын көлік сияқты, ішіндегілерге сасық болса да, атасы үшін өз үйіндей көрінетін. Атасының осы кезде айтқан сөздері -«Раз корову разрешили взять, значит насовсем нас гонят» Тағы бір айтыла кететін мәселе Қазақстанда қуғын сүргінге арналған репрессияға түскен адамдарды әсіресе халық жауларын жазаланатын лагерлер көп болған [3]. Гулаг ,Алжир , ең ірі лагерлер . Осының ішінде Алжир лагері халық жауларының әйелдері болған болатын. Ерекше атап өтетін “Мамочкина кладбища” халық жауларының әйелдерің балаларын шетінеп кеткен болса немесе туылып қатаң суық жағдайда өмір сүре алмаған . Көп жағдайда ол офицерлердің балалары . не дегенмен ол балардың ешқандай кіеәсі жоқ.Тіпті кейбір офицерлер сол балаларды өздеріне асырап алып ешкімнен кем қылмай өсірген болатын . Ол балалар өзінің кім екенің қайлан екенің қандай қаннан екенің білмей өскен . Егер толық қарайтын болсақ балалардың көбі не үшін өмір сүре алмады ? Аналарды бір дана нанмен белгісіз шаймен тамақтандыратында . Осы себеппен ана сүті болмайтын. Жан түршігерлік тарих.

Қазіргі айтылатын оқиға Қарағанды облысындағы 1930-жылдардағы бірінші шахталардың құрылуы мен қиын репрессия жылдарындағы КАРЛАГ лагері , сонымен қатар Қарағанды-ның Қазақстанның орталық өңірі болғандықтан , орталық азиядан хрестьяндар депортация ұшыраған болатын [2]. Поляктар, украинлықтар , финдіктер тағыла басқа ұлт өкілдері . Донецк шахтерінің ұлы Борис Афанасьевич Годунов сол жылдар туралы, өз отбасымен бірге басынан өткерген, бала кезінен есте қалған ауыр тағдыр жайлы маған әрдайым дірілмен, шошына еске алатын. Оның балалық шағы - аштық жайлаған Украинаны тастап, дәл сондай аштық қысқан Қазақстанға ұзақ жол, мемлекеттік жалғандықпен алғашқы бетпе-бет келу, ГУЛАГ елін көру - бәрі-бәрі ерекше, қайталанбас тәжірибе еді. Жеті жасар кезінде ол тұтқындалған әкесімен бірге Қарлағқа, Атбасар лагерь бөлімшесіне түседі. Бірақ оның естеліктерінің маңызы тек осы қайғылы әрі ерекше тағдырмен шектелмейді. Оның отбасы - арнайы эшелондармен Қарағанды даласына әкелінген сол донецк шахтер-добровольцы қатарында болатын. Олар жаңа шахталарды салу және бір кездері ағылшын колонизаторлары тұрғызған ескі кеніштерді қалпына келтіру үшін жеткізілген еді. Отызыншы жылдардың басында, Сталиннің бірінші бесжылдығы жоспарына сәйкес, Қарағандыны ірі өнеркәсіп орталығы ету басталған сәтте, білікті инженерлік және кен өндірісі кадрлары қатты жетіспеді. Сол себепті «күшейту» деп аталған бұл науқан аясында ашаршылықтан титықтаған Украинаның өзі құрып бара жатқан өңірлерінен донбастық

инженерлер мен шахтерлер жаппай көшіріліп әкелінді. Кеңес өкіметі халықты бір өңірден екінші өңірге күштеп көшіру сияқты барлық репрессивті шараларын «таусылмас қамқорлық», «халық игілігі» секілді әдемі әрі алдамшы ұрандардың көлеңкесіне орап көрсетуді жақсы білетін. Донецк шахтерлары мен инженерлерін де бұл тағдыр айналып өтпеді - енді олар «еріктілер» деп аталды. Шындығында, солардың өздері де бір сәт болса да ерікті болған. Олардың алдында, Борис Афанасьевич Годунов еске алғандай, бір үгіт-насихаттық деректі фильм көрсетілді. Онда: жылы, шуақты қазақ даласында сағат санап өсіп келе жатқан Қарағанды ғажайып қаласы туралы, сонда көмір шахталарын салу және игеру үшін епті де қайратты жас жігіттер шақырылатыны айтылды. «Көмір байлығы шексіз, мүмкіндігі ұшан-теңіз» деп жар салды фильм.

Арада жарты ғасырдан астам уақыт өтсе де (бар ғұмыр бойы дерлік), Борис Афанасьевич сол фильмді ащы да мұңлы еске алатын (қайдан табылса екен!). Экранда дореволюциялық қызыл кірпіштен қаланған, черепица төбелі, әдемі де жайлы үйлер, сәнді жасыл ағаштар, айналасы тыныштыққа толы айнадай мөлдір көл, оның бетін еркін жүзіп жүрген үйрек балапандары, жағалары тал қаптаған шағын өзен - бәрі бір ертегідей көрінген.

Бақытты, тоқ, ғажайып өлке! Отанның даусы тек естіліп қана қойған жоқ - аштықтан титықтаған Донбасс кеншілері оған шын сенді. Көздері жанып, жаңа өлкеге баруға тізімге жазыла бастады. ...Ал келгенде ше? Оларды тақыр сұр далаға түсірді. Қараса - станция жанында сылағы мүжілген бір мазанка, жан-жағында бірінен-бірі кедей жұпыны киіз үйлер. Алыста расымен екі қабатты қызыл кірпіш үй тұр - бірақ иесіз, қаңырап бос! Әйтеуір контора сол болуы мүмкін. Соның қасында үш қураған акация. Міне, саған уәде етілген жұмақ! Осылайша жеті жасар Борис Годунов Кеңес үкіметінің жалғандығының алғашқы сабағын алды. Бірақ тек ол ма? Бүкіл ел шындықтан оқшауланды, адамдардың өзге дүниені көруіне көзін байлады. Әр жетістік үнемі даңқпен дәріптелді, ал аш-жалаңаш, қажып-шаршаған халық бас көтерместен еңбек етті: екті, салды, құлшынумен жұмыс істеді. Тапқанын талғамай жеді, барын киіп жүрді... және бәрі жақсы болады деп армандады. Большевиктер уәде еткен бақыт - міндетті түрде келеді делінген, бірақ неге екені белгісіз, ол бақыт сол күйі келмей қойды, келетіндей болып тұрса да, ешқашан жетпеді. Ал өмір сүру керек еді - күн сайын. Күту, шыдау, аман қалу. Жаңадан қоныс аударғандар өздеріне ұзын саманнан барақ тұрғызды - бар болғаны осы, бірақ баспана еді. Әр отбасыға көрші бөлмеден тек кір-қожалақ шүберекпен бөлінген кішкентай орын тиді. Қарағандының қараңғы түндері мен бозғылт таңдарында суық барақ ыңырысып, жөтел мен жылау аралас күбір естіліп, боқтық пен күрсініс толып, бәрі шыдап өмір сүрді.

Асханада қисық-қыңыр алюминий кеселерге бір жапырақ сорпа мен шикілей қара нанның жүрдай үлесін беретін. Ал ол нан бала Борис үшін ғажайып тәтті, ұмытылмас бақыттай елестейтін. Ол нанды үгітіп, ұсақтап алып, жемей, көмпитше сорып, өле-өлгенше арылмайтын аштықты солай басқысы келетін. Сол қараңғы да дымқы барактан бір түнде оны әкесімен бірге формалы фуражка киген адамдар алып кеткен... Бірақ бұл - басқа әңгіме. Ол кейін болады. Ал әзірше...

Қарағанды өзіне алғаш келген мамандарды қолынан келгенше қарсы алды: бір жапырақ нан, баспана - бар болғаны осы. Бірақ сол үшін де шүкір. Шахтер эшелондарымен қатар Ресейден тұтас елмен бірге осынау ұзақ, жалғызсыған даланы кесіп өткен күйі, мемлекет талаған шаруалар - «кулактар-переселенцы» да үздіксіз ағылды. Товар вагондары - мал таситын қарапайым вагондар - Қарағандыға дейін жетпей, Қайрақты станциясында тоқтайтын. Кейін бұл жер «Карлаг қақпасы» атанды. Оларды солдаттар мен овчаркалар күзетіп жүретін. Содан кейін үнсіз, қараңғы топ болып, бес-бестен сап түзеп, қазақтың ұшы-қиырсыз даласына қарай айдап әкететін. Бірі барақтарға, бірі лагерь бөлімшелеріне, тікенек сым мен күзет мұнараларының ішіне түсетін. Осылайша, социалистік Қарағандымен қатар, ОГПУ-НКВД-ның «еңбекпен түзеу» концлагері - Карлагтың да ұзақ әрі қайғыға толы тарихы басталды.

Болашақ лагерьдің «астанасы» Қарағандыдан қырық шақырым жердегі шағын дала ауылы - Долинка болды. «Столыпин реформасы» кезінде қоныстанған шаруалар бау-бақша салып, даланы жыртып егін еккен, қалың ірі қара өсірген, ал қазақтар шексіз отар-отар қой мен табын-табын жылқыны бағып, өз тіршілігін жалғастырған. Солайша Долинқада өмір бірқалыпты, баяу, тыныш ағатын. Осы тыныштық белгілі бір «тарихи бөлініске» дейін сақталды. Бірақ сол өзгеріс кезінің өзінде Долинка таңғаларлық сабырмен, аса сілкініссіз өткерді. Алайда уақыт алмасып, жаңа дәуір басталды. Бір күнде, аяқ астынан бұйрық түсті: аумақты халықтан босату қажет, мұнда лагерь салынады. Кеше ғана мамыражай, бейбіт жатқан Долинкаға біртіндеп солдаттар келе бастады. Далаға айнала темір тікенек сымнан «Бруно орауы» тартылды, аспан аясында күзет мұнаралары бой көтерді.

Әуелі сұр тұтқын колонналары көрінді, олардың ізін ала ұзын-сонар жадау саман барақтар тізіліп қоя берді... Сталинизм кезінде Қазақстандықтардың күнделікті өмірінен көрініс 1930-жылдардағы ең өршіген сәттердің бірі. Ашаршылық, репрессия жылдары, қуғын-сүргін, депортация. Мақалада Сталинизмнің Қазақстанда қалай орын алғаны туралы айтылды. Сонымен қатар Сталинизм

кезіндегі депортацияға ұшыраған Орталық Азиядағы славян халықтарының. Мақаланы қорытындылай келе Сталинизм кезі қазақ халқы үшін ең қиын замандардың бірі болды. Бұл кезең елдің демографиялық, рухани және әлеуметтік дамуына орны толмас жара салды. Ұжымдастыру, зорлықпен отырықшыландыру, ашаршылық, саяси қуғын-сүргін сияқты саясаттар миллиондаған адамды өмірден айырды, ұлттық элита мен зиялы қауымның көп бөлігі жойылды. Қазақ қоғамының табиғи дамуы тежеліп, тарихи сабақтастық үзіліп, ұлттық болмысқа қатты соққы тиді. Сонымен бірге бұл дәуір қайғылы сабақ ретінде ұлттық жадта қалды. Халық қасіретті бастан өткере отырып, өмір сүруге, тіл мен ділді сақтауға ұмтылды, әрі тарих алдындағы жауапкершілікті сезіне түсті. Бүгінгі тәуелсіз Қазақстан үшін сталинизм кезеңін ұмытпау - қайталамау жолындағы негізгі шарт. Бұл тарихи тәжірибенің бізге берген ең үлкен тағылымы - еркіндік пен адам құқығының құндылығын бағалау, ұлттық бірлікті нығайту, өткеннен сабақ алып, болашаққа сеніммен қадам басу.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Фицпатрик Ш. Повседневный сталинизм. Социальная история Советской России в 30-е годы: город / Ш. Фицпатрик; [-2-е изд. - М.: Российская политическая энциклопедия пер. с англ. Л. Ю. Пан-тина (РОССПЭН), Фонд Первого Президента России Б. Н. Ельцина 2008. - 336 с
2. Живая память . Сталинизм в Казахстане Прошлое, Память, Преодоление. Живая память. Сталинизм в Казахстане - Прошлое, Память, Преодоление / Под ред. Ж.Б. Абылхожина, М.Л. Акулова, А.В. Цай. - Алматы: «Дайк-Пресс», 2019. - 272 с. (114-139) беттер
3. Женщины и дети Алжира. Мамочкино кладбище - YouTube

АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫ ӨМІР СҮРГЕН УАҚЫТТАҒЫ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНЫҢ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

Төлегенұлы А., Ибрагим Ж.А.

Ғылыми жетекшісі: т.ғ.к., қауым. профессоры Туякова.А.Е.

Астана халықаралық университеті

aibektolegen537@gmail.com

zhansaya.ibragim06@mail.ru

Астана қ.

Абай Құнанбайұлы өмір сүрген дәуірдегі қазақ қоғамының рухани құндылықтары дәстүрлі дүниетанымнан толық ажырамағанымен, ішкі дағдарысқа ұшырап, жаңаша рухани ізденістерге мұқтаж болды. Абай шығармашылығы осы дағдарысты еңсеруге бағытталған жаңа моральдық-рухани бағдар ұсынды.

Абай Құнанбайұлы өмір сүрген тұстағы қазақ қоғамының рухани құндылықтарының мазмұнын, жағдайын және олардың Абай дүниетанымына әсерін талдап, сол кезеңдегі рухани өзгерістердің сипатын анықтау. Адам бойындағы негізгі рухани құндылықтардың Абай дәуірінде қалай түсіндірілгенін анықтап, қазақ шежірелерінің қоғамның рухани тірегі ретіндегі рөлін талдап, қоғамның діни ойлары мен иман ұғымының мәнін ашу. Сондай-ақ, парақорлық, жемқорлық және ескі дәстүрлердің қазақ қоғамындағы бейнесін көрсетіп, Абайдың білім мен ғылым туралы ойларын, қазақ халқының жылқы мінезділігін талдау. Зерттеу барысында контент-анализ бен ғылыми материалдарды салыстыру әдістері қолданылды.

Зерттеу барысында С.Қорабайдың «Қазақтың бас ақыны: Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары», М.Алпысбестің «Абай және оның заманы мен тарихи көзқарастары», Б.Ғабдуллиннің «Шоқан, Ыбырай және Абай дін туралы: шаманизм, ислам, атеизм, деизм, антиклерикализм» және Абайдың қара сөздері қолданылды.

Абай Құнанбайұлы өмір сүрген уақыттағы қазақ қоғамының рухани құндылықтары терең, бай және өзіндік ерекшеліктерге ие болды. Абай өмір сүрген XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басы - қазақ халқы үшін өзгерістер кезеңі болды, мұнда дәстүрлі көшпелі өмір мен жаңа заман талаптары арасындағы қайшылықтар айқын көрінді. Абайдың шығармашылығы мен дүниетанымы осы өзгерістердің айқын көрінісі болып табылады. Рухани құндылықтар ішінде адам бойындағы құндылықтар, діни құндылықтар, білім мен ғылымның маңызы және салт-дәстүр мен әдеп-ғұрыптар Ұлы Абайдың еңбектерінде маңызды орын алады.

Адам бойындағы құндылықтар. Ұлы Абай - XIX ғасырдағы жуастанған қазақ халқының қайта өрлеуіне жол ашқан тұлға болып келді. Ренессанс тек Батыста ғана емес, біздің қазақ қоғамында да орын алуына осы Абай көмегін тигізді. Абайдың басты зерттеу нысаны - Адам. Ал Абай адам